

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 маусым N 699. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 602 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 P010290_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 8, 85-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) қоғамның директорлар кеңесі төрағасының (уәкілетті органның - РМК үшін) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысандар бойынша ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі туралы ұйым, оның еншілес және/немесе тәуелді акционерлік қоғамдары бөлігінде - жеке, сондай-ақ өспелі қорытындысымен - біріктірілген ақпаратты мынадай мерзімдерде ұсынуын:

1-тоқсанның, жарты жылдықтың және 9 айдың қорытындылары бойынша - есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күнінен кешіктірмей;

жылдықты - есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдың 1-күнінен кешіктірмей;" ; мынадай мазмұндағы 10), 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) ұйымның бірінші басшысының қоғамның директорлар кеңесі (уәкілетті орган алдында - РМК үшін) алдында еншілес және/немесе тәуелді акционерлік қоғамдарды, сондай-ақ оған жарғылық капиталға мемлекеттің салымы ретінде берілген активтерді басқару туралы, ұйымның өз қызметінің көрсеткіштеріне еншілес және/немесе тәуелді акционерлік қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің ықпалы туралы жарты жылдық есептер беруді жүзеге асыруын;

11) ұйымның бірінші басшысының қоғамның директорлар кеңесі (уәкілетті орган алдында - РМК үшін) алдында ұйымның жыл сайынғы және орта мерзімдік даму жоспарларының іске асырылуы туралы жыл сайын есеп беруді жүзеге асыруын қамтамасыз ететін көрсетілген ұйымдардың жарғыларына өзгерістер мен/немесе толықтырулардың 2001 жылғы 31 наурызға дейін енгізілуін қамтамасыз етсін.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 1-тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне беруді:

1-тоқсанның, жарты жылдықтың және 9 айдың қорытындылары бойынша -

есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 10-күнінен кешіктірмей;
жылдықты - есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдың 15-күнінен
кешіктірмей қамтамасыз етсін.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі уәкілетті органдармен бірлесіп, осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген ұйымдардың даму жоспарлары мен бизнес жоспарларының құрылымына және

мазмұнына бірыңғай талаптарды әзірлесін әрі заңнамада белгіленген тәртіппен бекітсін.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.